

**Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы**  
**Хаттама №: 2**

«Атасу жалпы білім беретін мектебі» КММ

25 қараша 2025 ж.

Қатысқандар: 35

**Күн тәртібі**

1. Қараша айында педагогикалық әдеп талаптарының сақталу жағдайы.
2. Оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынастағы педагогикалық мәдениет.
3. Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу.

**Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры С.Х. Кенжебаева қараша айында педагогикалық әдеп талаптарының сақталу жағдайы туралы ақпарат берді. Баяндамада педагогтардың қызмет барысында этикалық нормаларды ұстануы, мұғалім–оқушы және мұғалім–ата-ана арасындағы қарым-қатынастарға жүргізілген бақылау нәтижелері айтылды. Әдеп талаптарының негізінен сақталғаны, алайда кейбір жекелеген жағдайларда педагогикалық тәктіні күшейту қажеттілігі бар екені атап өтілді.

**Сөз сөйледі:** ДТЖО С.Ж. Тусупбаева педагогтардың кәсіби әдебін сақтау білім беру сапасына оң әсер ететінін атап өтті. Алдағы уақытта, әдеп нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды ұсынды.

**2-мәселе** Оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынастағы педагогикалық мәдениет

**Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Т.Б. Тебенова оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық мәдениеттің маңыздылығы туралы баяндама жасады. Баяндамада өзара сыйластық, сабырлылық, ашық диалог орнату педагогтың кәсіби мәдениетінің негізгі көрсеткіші екені айтылды. Сонымен қатар ата-аналармен жұмыста этикалық талаптарды сақтау қажеттігіне ерекше назар аударылды.

**Сөз сөйледі:** Педагог-психолог Н.Ғ. Ахмедина ата-аналармен қарым-қатынаста педагогтардың сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу керектігін айтты. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруда педагогикалық мәдениеттің рөліне тоқталды.

**3-мәселе** Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу

**Тыңдалды:** Үшінші мәселе бойынша ДОДЖО М.А. Ашанбаева педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу шаралары туралы хабарлама жасады. Онда әдеп талаптарын сақтамаудың салдары, алдын алу жұмыстарының түрлері, түсіндіру және бақылау шараларын жүйелі жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

**Сөз сөйледі:** Хатшы М.К. Ахметова педагогикалық әдеп мәселесін тұрақты түрде кеңес отырыстарында қарастыруды ұсынды. Әдеп нормаларын сақтау әр педагогтың жеке жауапкершілігі екенін айтты.

**Тыңдалды:** Кеңес төрайымы Т.Б. Тебенова қараша айында жүргізілген бақылау мен мониторинг нәтижелері туралы ақпарат берді.


**Сөйлегендер:** Кеңес мүшелері педагогтардың кәсіби қарым-қатынаста сабырлық пен сыйластықты сақтау қажеттігін атап өтті.

**Талқыланды:** Мәселелер Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы және мектептің педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес қаралды.

**Шешім:**

1. Педагогтар, оқушылар және ата-аналармен қарым-қатынаста әдеп талаптары сақталсын.
2. Жекелеген жағдайлар бойынша профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын мектеп әкімшілігі басты назарда ұстасын.

Кеңес төрайымы:  
Кеңес хатшысы



Т.Б.Тебенова  
М.К.Ахметова